Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті газеті

ТІЛ ӘЛЕМІ
МИР ЯЗЫКОВ WORLD OF LANGUAGES

ГАЗЕТ 1997 ЖЫЛДЫҢ СӘУІР АЙЫНДА ҚҰРЫЛҒАН
ГАЗЕТА ОСНОВАНО В АПРЕЛЕ 1997 ГОДА
№4 (234)
СӘУІР АПРЕЛЬ
2024

# Визит делегации Walailak University, the Kingdom of Thailand в КазУМОиМЯ имени Абылай хана

8 апреля 2024 года состоялась встреча с представителями Университета Валайлака на базе Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана. Со стороны университета Валайлак приняли участие президент университета, профессор доктор Сомбат Тамронгтханявонг, доктор Монтиан Сеткит, декан школы инженерии и технологий, доктор Патнарин Супакорн, директор Центра международных отношений и доктор Панкеовта Лакканаванит, председатель докторской программы по менеджменту.



Встреча приурочена обсуждению перспектив сотрудничества между двумя университетами и расширению академических обменов. Президент университета Валайлак профессор доктор Сомбат Тамронгтханявонг выразил благодарность за возможность встречи и проявил надежду на долгосрочное и плодотворное сотрудничество с нашим университетом.

Проректор по стратегическому развитию КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Дана Ануварбековна Кунанбаева выразила готовность университета в развитии партнерских отношений в рамках обмена лучшими практиками в сфере образования и науки.

В ходе встречи сторонами обсуждены дальнейшие перспективы сотрудничества в области развития двойного диплома по ОП «Международный бизнес», академической мобильности ППС и обучающихся по ОП «Международный бизнес» и «Туризм». Обе стороны обсудили реализацию совместной публикационной активности, а также обмен научными данными.



Представители Университета Валайлак посетили музей Абылай хана, музей этнографии, читальный зал им. М. Копыленко. Для студентов университета проведена лекция доктора Патнарин Супакорн, директора Центра международных отношений WU.



**Кафедра Международного бизнеса**

# Международная студенческая конференция KazUMO MUN

Вот и пролетели два насыщенных дня для наших участников Модели ООН! 73 делегата, более чем с 10 университетов и школ г. Алматы, выпускники программы FLEX - работали над формированием резолюции по направлениям:

1. Генеральная ассамблея (kaz) – Генеративті Жасанды Интеллекттің Мәселелері және Болашағы;
2. Генеральная ассамблея (eng) – The Right to a Nationality: Preventing the Phenomenon of Statelessness;
3. Совет Безопасности (eng) – Taiwan and the One-China Policy;
4. Всемирная организация здравоохранения (rus) - Разработка Протоколов Обеспечения Готовности к Эпидемиям и Пандемиям.

Особую признательность выражаем организации Объединенных наций в лице представителя Департамента глобальных коммуникаций ООН, господину Властимилу Самеку, Генеральному Консульству Китайской Народной Республики в лице исполняющего обязанности Генерального консула Китайской Народной Республики в г. Алматы госпоже Чжун Хуа, Генеральному Консульству Соединенных Штатов Америки в лице сотрудника общественной дипломатии, госпоже Кариссе Ландес, а также Начальницу Центра миротворческих операций Министерства обороны Республики Казахстан господину полковнику Бауыржану Нигметуллину за поддержку данной конференции.

Выражаем благодарность руководству Ablai khan University, в лице и.о. Ректора Д.А. Кунанбаевой, организаторам, делегатам, председателям и сопредседателям комитетов.



С 4 по 5 апреля 2024 года студенты факультета менеджмента и международных коммуникаций собрались вместе на международной студенческой конференции KazUMO MUN под названием «Преодоление сложностей ради устойчивого будущего». Это студенческое мероприятие, организованное в формате Модели ООН, привлекло будущих журналистов и дипломатов возможностью обсуждения глобальных проблем и поиска решений в духе сотрудничества и международного партнёрства.



В течение двух дней студенты выступали в роли полномочных делегатов государств-членов Организации Объединенных Наций. В дебатах, которые проходили на казахском, русском и английском языках, студенты представляли интересы своих стран. Одной из участниц конференции была Куат Мадина, студентка первого курса, которая впервые окунулась в мир дипломатии и международных отношений. Вместе с ней в конференции активно участвовали студентки третьего курса Бакыткали Аружан и Нагашыбаева Луиза, проявившие свои журналисткие навыки и лидерские качества в ходе обсуждений.



На церемонии открытия студенческой конференции присутствовали почетные гости, среди которых были представители ООН, а также представители Китая, США и Казахстана. Г-н Властимил Самек, представитель Департамента глобальных коммуникаций ООН в Алматы, поделился своим опытом и знаниями в области искусственного интеллекта, что стало ключевой темой конференции на казахском языке.

Модель ООН является важным инструментом для развития дипломатических, лидерских, ораторских и языковых навыков студентов. Участие в таких мероприятиях позволяет студентам открыто выражать свое мнение, развивать умение находить компромиссы и работать в комманде. Это также способствует формированию глобального мышления и пониманию важности международного сотрудничества для решения актуальных проблем современного мира. Активное участие студентов в подобных мероприятиях открывает им новые горизонты для обучения и профессионального развития, приобщает их к мировым проблемам и позволяет внести свой вклад в построение более справедливого и мирного мира.

**Нагашыбаева Луиза, студентка 3 курса ОП журналистика»**



***Уважаемые преподаватели, сотрудники, докторанты, магистранты и студенты!***

*Поздравляю вас с Днем работников науки в Казахстане!*

*Наука является мощным ресурсом экономических преобразований, важнейшей составляющей национального богатства, движущей силой технического прогресса!*

*Уважаемые ученые! Вы являетесь элитой общества и ценнейшим достоянием страны. В этот праздничный день примите искренние слова благодарности за прорывные идеи, за вашу преданность науке, сохранение исследовательских традиций и развитие науки в университете, за пользу, которую приносит ваш интеллектуальный труд.*

*Желаю всем, кто посвятил жизнь научной деятельности, и тем, кто только делает первые шаги в науке, твердости на пути к выбранной цели!*

*Пусть каждый день дает возможность для самореализации и покорения новых научных вершин!*

*Здоровья, счастья и благополучия! С праздником!*

*Председатель Правления - Ректор КазУМОиМЯ им. Абылай хана,*
*С. Кунанбаева*

# X Республиканская научно-практическая конференция молодых ученых и специалистов «Диалог поколений и новые ориентиры», посвященная Дню работников науки РК

11 – 12 апреля 2024 года в Казахском университете международных отношений и мировых языков имени Абылай хана состоялась X Республиканская научно-практическая конференция молодых ученых и специалистов «Диалог поколений и новые ориентиры», посвященная Дню работников науки РК.

Целью конференции было обобщить спектр актуальных проблем образования и научных исследований молодых ученых и создать площадку для обмена опытом и генерации новых идей.

Основные тематические направления работы конференции были связаны с тематикой НИПО комплексов и научно-исследовательских инновационных прикладных лабораторий КазУМОиМЯ.

Основные тематические направления работы конференции:

1. Актуальные проблемы методики иноязычного образования.
2. Актуальные проблемы лингвистики, литературоведения и переводоведения в контексте межкультурной коммуникации.
3. Актуальные вопросы востоковедения и регионоведения. Актуальные проблемы истории международных отношений и внешней политики; Современные международные отношения в глобальном и региональном измерении.
4. Актуальные тенденции международного сотрудничества: экономико-правовые аспекты.
5. Актуальные аспекты теории и практики развития индустрии туризма и гостеприимства в условиях глобализации. Массовая коммуникация и PR в новых экономических и геополитических условиях.
6. Современные тенденции в образовании: Искусственный интеллект, Компьютерная лингвистика и Дистанционное обучение.

Молодые ученые играют важную роль в развитии науки и технологий, конференции молодых ученых становятся площадками для обмена идеями и инновационными подходами. Конференция собрала молодых ученых и профессоров из различных областей науки. Выдающиеся профессора нашего университета поделились своим научным и исследовательским опытом, тем самым мотивируя молодое поколение к научным исследованиям.

Данная конференция привлекла внимание не только своим разнообразием представленных исследований, но и активным обменом идеями и обсуждениями, которые могут составить основу для будущих научных достижений.

Организаторы конференции стремились создать атмосферу открытости и взаимного уважения, где каждый участник мог поделиться своими исследованиями и узнать что-то новое от коллег. Это привело к тому, что мероприятие стало источником вдохновения для молодых ученых, стимулируя их не только своими успехами, но и успехами своих коллег.

После пленарного заседания, участники конференции продолжили обмен научных исследований по секциям.

В целом, конференция молодых ученых стала не только платформой для презентации исследований, но и центром научного вдохновения и обмена идеями. Она подчеркнула важность поддержки молодых талантов в науке и создала благоприятную среду для их роста и развития.

**Управление послевузовского образования**

# Дала империяларының тарихы: оқиғалар мен тұлғалар






халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Қазақстан тарихы кафедрасы ұжымының ұйымдастыруымен Жошы ұлысының 800 жылдығын мерекелеу аясында «Дала империяларының тарихы: оқиғалар мен тұлғалар» тақырыбында халықаралық дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстелдің модераторлары саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор В.А.Изтаева (кафедра меңгерушісі) және тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Г.А. Шотанова.

Дала империяларының мұрагері бола отырып, қазақ мемлекеті бұрынғы дәуірлердің барлық негізгі белгілерін толық бойына иеленді және сол арқылы мемлекеттік дәстүрлердің байып, жаңаруына ықпал етті.

Жошы дала империясының қалыптасуы, дамуы, құлдырауы және ыдырауы қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуын алдын-ала анықтады, оның пайда болуы қазақ халқының қалыптасуының мыңжылдық процесін аяқтады. Басқа да жетістіктердің қатарында, бетбұрыс сәттерде дала билеушілері жауапкершілікті өз қолдарына алып, қайсарлық танытқан дара тұлғаның дала тарихындағы алатын орны ерекше. Қиын-қыстау кезеңде билікке қол жеткізген осындай адамдардың қатарында Қасым, Хақназар, Әбілқайыр, Абылай және басқа да билеушілер болды.

Алтын орданың дүниеге келуі дала өркениетінің шежіресінде маңызды орын алды. Алтын Орда халықаралық қатынастардың даму тарихында түрлі елдер мен халықтар арасындағы мәдениетаралық коммуникативтік диалогты қамтамасыз етуде ерекше орын алады. Дәл осы кезеңде, Қазақстанның келесі тарихи кезеңінің тарихи және мәдени алғышарттар қалыптасты.

Халықаралық дөңгелек үстел Қазақстан, Ресей, Башқұртстан, Қарақалпақстан және Моңғолия ғалымдарын біріктірді. Іс-шара қонақтары мен дөңгелек үстелге қатысушылар Отан тарихының өзекті мәселелерін, мысалы, Ұлы Дала мен дала мемлекеттілігінің рөлі, Тарихтағы тұлғаның рөлі туралы белсенді талқылады. Түркі әлемінің поэтикалық өнерін отандық ғалым, түркітанушы Қайрат Жанабай егжей-тегжейлі таныстырды. Қазақстандық шығыстануды дамытудың өзекті мәселелері және оның перспективалары отандық медиевист, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері Е.М.Ужкеновтың сөзінде айтылды.

Кең байтақ Еуразия аймағының ежелгі және ортағасырлық көшпенділерінің тарихында әскери істердің маңызы зор болды. Номадтардағы әскери өнердің рөлі, қару-жарақ кешені, әскери ұйымның ерекшелігі және жауынгерлік дайындығы туралы Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері А.К.Жұмаділ айтып берді. Сондай-ақ, көшпенділердің сабақтастық мәселесінде Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері Б.К.Смағұловтың XVIII ғасырдың екінші жартысы-XX ғасырдың басында қазақтардың этникалық құрамындағы этникалық топтары туралы баяндамасы болды.

Шетелдік ғалымдар Жошы ұлысының батыс аймақтарының тарихы, демографиясы мен мәдениетін зерттеу бойынша өз тәжірибелерімен бөлісті. Осыған байланысты, ғылыми ынтымақтастықты нығайту мақсатында Қырым-татар филологиясы, Қырым этностарының тарихы мен мәдениеті ғылыми-зерттеу институтының ғалымы, философия ғылымдарының кандидаты Н.В. Бекиров дала империяларын зерттеу саласында бірлескен жоба жазуды ұсынды.

Сондай-ақ, ғылыми іс – шараны Ресей Ғылым академиясының Құрмет Белгісі орденді Уфа федералды зерттеу орталығының тарих, тіл және әдебиет институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты А.Г.Салихов; Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясының Қарақалпақ гуманитарлық ғылымдар ғылыми-зерттеу институтының тарих бөлімінің меңгерушісі (Нөкус қ., Қарақалпақстан), тарих ғылымдарының докторы, профессор А.М.Жұмашев; Февзи Якубов атындағы Қырым инженерлік-педагогикалық университетінің Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының доценті А.З. Абдулхаиров және басқалар қолдады.

Қазақстан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты Г.А.Шотанова дөңгелек үстелге қатысушылардың жоғарыда аталған баяндамаларының қысқаша тезистерін талдап, қорытындылады. Сонымен бірге ғылыми пікірталасты ұйымдастырушылар, яғни Қазақстан тарихы кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы қолдады.



Дөңгелек үстелдің қорытындысын кафедра оқытушылары т.ғ.д., профессор К.К.Чатыбекова, қауымдастырылған профессорлар Б.Н.Жұзтаева, Н.Т.Жанакова, З.М.Карабаева, М.Ю.Насырова және т.б. шығарды. Қорытындылай келе, кафедра меңгерушісі саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор В.А.Изтаева сөз сөйлеп, алдағы уақытта мұндай ғылыми іс-шаралардың жүйелі түрде ұйымдастырылатынына сенім білдірді.

Ғылыми шараға қатысуға магистранттар мен магистранттар да шақырылды.

**Шотанова Г.А., т.ғ.к., Қазақстан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры**
**Каргаев К.А. магистр, Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы**

## ПОЗДРАВЛЯЕМ!!!







Студентка с кураторской группы Жаукебаева Аяулым МиМ 2 курс к/о, кафедра “Менеджмент и Маркетинг” стала победителем конкурса студенческих проектных работ, заняла 1- место, вошла в число “Сто лучших студентов” и ее пригласили в Астану, где ее наградили значком “Лучший студент Республики Казахстан” (научный руководитель- Нурбекова Г.С.)!

Наша команда участвовала на олимпиаде РПСО (организатор- нархоз)на английском языке 3 курс ро, кафедра “Менеджмент и Маркетинг” заняла 3 призовое место- научный руководитель: Нурбекова Г.С. Диплом 3- степени организаторы отправят по почте. Олимпиада прошла сегодня.

## Студенческая Региональная Предметная Онлайн Олимпиада по дисциплине «Экономика предприятия»

04 апреля 2024 года кафедра «Международный бизнес» АО «Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана» провела онлаин Региональную Студенческую Предметную Олимпиаду (далее РСПО) среди студентов высших учебных заведений Республики Казахстан по дисциплине «Экономика предприятия».



В РСПО приняло участие 19 команд, в том числе 12 команд из других регионов Казахстана.

Олимпиада проводилась в 2 этапа: тестирования участников по экономике предприятия и защиты проектов по теме: «Новая экономика – успех будущего».



По результатам проведения РСПО были определены призовые места (1,2,3) и различные номинации отличившимся студентам, обучающимся по направлению В041 - «Бизнес и управление».

**Кафедра «Международный бизнес»**

## МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ФОРУМ

Магистранты 1 курса специальности «Журналистика» и «Иностранная филология» КазУМО и МЯ им. Абылай хана 12-14 апреля 2024 года приняли участие в работе Международной научно-практической конференции молодых учёных «ЯЗЫК. КУЛЬТУРА. КОММУНИКАЦИЯ», проведенной на базе Южно-Уральского государственного университета (Челябинск, РФ).

Представительный и известный в научном мире Форум собрал несколько сотен молодых ученых из разных стран. С казахстанской стороны на пленарном заседании с докладом выступила Сумарокова Ангелина с докладом «Журналистика культурных нарративов через анализ практики арт-пространств Казахстана», на секционных заседаниях - Кусманова Жанар «Poetics of Poetic Text at the NEW YORK SCHOOL OF POETS и




Мумладзе Диана «Лингвоэстетика абсурда в современной корейской литературе» (науч. рук. выступавших - профессор Г.Г. Гиздатов).

По результатам работы форума доклады Сумароковой А., Кусмановой Ж. признаны лучшими, им выданы сертификаты, работы всех трех участниц рекомендованы к публикации в индексируемом и рецензируемом журнале РИНЦ «ЯЗЫК. КУЛЬТУРА. КОММУНИКАЦИЯ».

**Кафедра Журналистики и Иностранной филологии**

# Ұлы тұлғаға тағзым



2024 жылдың 24 сәуірінде Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасында өткен танымдық мәні терең көрменің куәгері болдық. Ұлы ғалым, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтің туғанына 125 жыл толуына орай өтіп жатқан көрмені Шығыстану факультетінің бірінші курс студенттері барып тамашаладық. Қазақстан Ғылым Академиясының негізін қалап, тұңғыш президенті болған, геолог-ғалым Қаныш Сәтбаевтің өмірі және қызметімен жете таныстық. Бізге жетекші болып көрмеге әкелген университеттің профессоры Жанақова Нұргүл ұстазымыз да Сәтбаев туралы қызықты мәліметтермен бөлісті. Ұлттың бірегей тұлғасына айналған Сәтбаевтың тек қана геология саласында емес, сонымен қатар қазақ тілін, әдебиетін насихаттап, мәдени мұраларын жинауға да қосқан үлесі мол екеніне көзіміз жетті.



Осындай іс-шара барысында Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен сан-салалы қызметін білумен қатар сәтбаевтанушы жазушы Медеу Сәрсекенің ұлы ғалым туралы жазған шығармаларымен таныстық. Біз академиктің ғылым мен қоғамның әртүрлі салаларына қосқан сүбелі үлесіне куә болдық, көрме Қаныш Сәтбаевтың мұрасын және оның қазіргі әлем үшін маңыздылығын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Біз үшін кітапхананың ішкі әлемімен танысу да маңызды болды. Көрмеден кейін студенттер кітапханада сақталған сирек басылымдарды, кітапхана музейін, Қытай, Иран, Корея, Ресей, Үндістан мәдени орталықтарын, басқа да салалық залдарды, сонымен бірге белгілі жазушылар Ә.Нұршайықов пен Г.Бельгердің кабинеттерін аралап көрді. Бұл біздің білімімізді кеңейтіп қана қоймай, кітапханашылар жұмысының құндылығын жете түсінуге ой салды.

Осылайша, Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған іс-шара ұлы ғалымның ұлттық ғылым мен мәдениетке қосқан үлесіне назар аудартып қана қоймай, бізге кітапхана жұмысының құндылығын айқын байқатты. Сан қырлы салада халқына еңбегі сіңген Сәтбаевтің өнегелі өмірі біз сияқты жастарға үлгі болатыны сөзсіз. Ұлы тұлғаға тағзым – бүкіл ел тарихына тағзым екеніне көзіміз жетті.

Біз ендігі кезекте, ҚР Ұлттық кітапханасына жиі баруға тырысамыз.

**Айзере Ерен,**
**Шығыстану факультеті 121-тобының (түркітану) студенті**

## Студенты КазУМОиМЯ на выставке в Национальной Библиотеке Республики Казахстан, посвященной 125-летию Каныша Имантаевича Сатпаева

24 апреля студенты факультета Востоковедения под руководством профессора кафедры истории Казахстана Н.Т.Жанаковой ознакомились с выставкой в Национальной Библиотеке Республики Казахстан, посвященной 125-летию великого ученого, академика Каныша Имантаевича Сатпаева. Руководитель службы хранения фондов библиотеки Ф.Бектурбекова, библиотекари Р.Мыспаева, К.Алтынбекулы провели экскурсию, подробно рассказав об архивных, документальных, печатных и книжных материалах выставки относительно жизни и деятельности ученого. Затем студенты побывали в музее библиотеки, культурных центрах Китая, Ирана, Кореи, России и Индии, посетили отраслевые залы, а также кабинеты известных писателей А.Нуршаикова и Г.Бельгера.

В итоге студенты в процессе ознакомления с выставкой получили подробные сведения о жиз-ненном пути академика К.И.Сатпаева и остались довольными деятельностью главной библиотеки страны.



**Н.Т. Жанакова,**
**профессор кафедры истории Казахстана**

# Поэзияның қайта гүлденуі

«Поэзияда әрбір ой тыңнан айтылуы тиіс. Нағыз поэзия тудыру – қиынның қиыны» деп ақын Мұхтар Шаханов ағамыз айтпақшы, поэзия – ақын ойын жіпке тізіп, оны тыңдарман жеткізуші құрал. Ақын мен ақынды, тыңдарманды байланыстырып тұратын көпір бүгінде халықтар арасында да байланыс орнатып, поэзияның қайта жандануына себепші болуда. Оған негізгі арқау – болған университеттің қабырғасында өткен неміс поэзия кеші.

Ақпан айының 7-ші жұлдызында университетте Австрия кітапханасында филология ғылымдарының профессоры Шпикбаева Бахыт Жатканбаевна мен университеттің неміс тілі пәнінің аға оқытушысы Камзина Жанар Закеновнаның ұйымдастыруымен неміс тілінен әдебиет кеші өткізілді. Әдеби кеш белгілі австриялық жазушы Эрика Миттерердің шығармашылығына арналды. Бұл кешке педагогикалық колледж студенттері мен университеттің педагогикалық факультетінің 2-4-курс студенттері, атап айтқанда Баянов Бекзат (2-курс),





Урунгалиева Жасмин (2-курс), Жалалдин Ділназ (3-курс), Жандарбек Айым (4-курс) қатысып, өз бастарын сынап көрді. Кеш талабы: жазушының шығармашылығынан 1 поэзияны мәнерлеп айтып, оның қазақ және орыс тілдеріндегі аудармаларын ұсыну, өлеңге деген өз көзқарасын жеткізу.

Студенттер әдеби шараға өте қызу дайындықпен келген. Әрбір студент жазушының таңдаулы поэзияларын жатқа айтып, аудармаларын презентация арқылы оқырман аудиториясына таныстырды. Айта кету керек, бұл шараны тікелей эфир арқылы жазушының ұлы Мартин Петровский де тамашалап, әдеби кешке төрелік етті. Дарынды студенттер оқытушыларымызды өздерінің алғырлығымен, талanттарымен тәнті ете білді. Алайда «жүйрік енді жүйрік озар жарысқанда» демекші, әдеби кешіміздің қорытындысы бойынша жүлделі орындарды:

1. Фам Дана – 1-орын (Пед.колледж, 2-курс).
2. Баянов Бекзат – 2-орын(ПФИЯ,2-курс).
3. Катиева Зара – 3-орын (Пед.колледж, 2-курс).
4. Жандарбек Айым – 4-орын (ПФИЯ, 4-курс)

студенттеріміз иеленді.

Бұл поэзия кешіне қатысу біз үшін үлкен жетістіктердің бірі болды. Себебі, поэзия дегенде елжіремейтін жүрек жоқ шығар. Поэзияға деген қызығушылық бізді неміс және қазақ әдебиетінде деген құрметке жетелеп, екі тілдің арасындағы поэзияның бейнесін паш етті. Осы шараға дайындық барысында біз ақын әрі жазушы шығармашылығының көркемдігіне, оның стилистік ерекшелігіне мән бердік. Бұл шараға қатысу үлкен еңбекті талап еткені сөзсіз. Себебі, неміс поэзиясын оқып-түсіну үшін аудармаға мән бердік, сөз саптау мен өлең ұйқасының шеберлігіне ден қойдық. Поэзияны түсініп оқу, оны жүрекке қондырып, тілмен айтып жеткізу қос тілді қатар меңгерудің өз қиыншылықтары мен қылықтары айқындап берді.

Алғаш рет өткізіліп тұрған осындай әдеби кеш өз мақсатына жете білді, студенттердің тілге деген құрметін, тілге деген қызығушылығын арттырды. Болашақта осындай кештер, жобалар өз жалғасын таба береді деген үміттеміз. Поэзия қай тілде жазылса да поэзия болып қала береді. Әдеби кешіміз арқылы бізге неміс әдебиеті өз есігін ашты, тілді үйрену әлемді кең танудың жолы екендігіне тағы да көзіміз жетті.

**Камзина Жанар Закеновна,**
**неміс тілі пәнінің аға оқытушысы**

# СПИКЕРЛЕР САЙЫСЫ

Бұқар жырау бабамыз «Ел бастау қиын емес, Қонатын жерден көл табылады. Қол бастау қиын емес, Шабатын жерден ел табылады. Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргем жоқ» деген екен. Шынында да көпшілік алында мәнін келтіріп, көпті аузына қаратып сөйлеу оңай ма?

Сәуір айының 12-і күні Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ қазақ филологиясы кафедрасы оқытушылары ф.ғ.к., доцент Ж.Қ.Дәркенбаева мен ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ш.А. Нұрмышеваның ұйымдастыруымен Менеджмент және халықаралық коммуникация факультеті 2 курс білімгерлері арасында «Көпшілік алдында сөйлей білесің бе?» тақырыбында спикерлер сайысы болып өтті. Туризм, Журналистика, Менеджмент және маркетинг, Халықаралық бизнес, Қоғаммен байланыс, Мейманхана және мейрамхана бизнесі мамандықтары арасында өткен спикерлер алаңы «Мамандығым - мақтанышым» тақырыбында бейнеролик әзірлеу; 2. «Өнер алдықызыл тіл» мақал-мәтелдерді пайдаланып диалогке түсу; 3. «Ел болашағы – жастар қолында» шешендік монологі; 4. «Өнерлі өрге жүзер» өнерімен бөлісу кезеңдерінен құралды. Әр кезең әділқазылар - қазақ филологиясы кафедрасының профессоры, ф.ғ.д. Ж.Ж.Есеналиева, п.ғ.м., аға оқытушы Л.Ж. Хамимульдинова, туризм кафедрасының аға оқытушысы Б.Н. Қыдыралиеваның бағалауымен қорытындыланып отырды.






Спикерлер алаңы өте тартысты, қызу өтті. Факультет білімгерлері спикерлер алаңына ыждаһатты дайындалып келгені байқалды. Сайыс нәтижесінде бас бәйгені Туризм факультетінің білімгерлері, бірінші орынды Журналистика, екінші орынды Қоғаммен байланыс, Мейманхана және мейрамхана бизнесі, үшінші орынды Менеджмент және маркетинг, Халықаралық бизнес факультеті білімгерлері жеңіп алды.

Ерекше белсенділігі, шешендігімен көзге түскен туризм факультетінің білімгерлері Нұрдәулет А., Зекенқызы А., Хатран Е., журналистика мамандығы бойынша Бердәулет Т., Баян А., халықаралық бизнес мамандығы бойынша Елдаарова А., Бесен Б. және т.б. марапатталып, мақтау қағаздарын иеленді.

Спикерлер алаңы «Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу және іскерлік қарым-қатынас» пәнінің «Көпшілік алдында сөйлеу шеберлігі» тақырыбы бойынша ұйымдастырылды.

**ф.ғ.к., қауымдаст. проф. Ш.А. Нұрмышева,**
**п.ғ.м., аға оқытушы Л.Ж. Хамимульдинова**

## «МАРКЕТИНГ И МЕНЕДЖМЕНТ В ОБРАЗОВАНИИ: СТАНДАРТИЗАЦИЯ И ЦИФРОВИЗАЦИЯ – ТРЕНДЫ И УГРОЗЫ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ»



Кафедра «Менеджмент и маркетинг» 24 апреля 2024 года провела круглый стол на тему: «Маркетинг и менеджмент в образовании: стандартизация и цифровизация – тренды и угрозы системы образования». На этом круглом столе участниками были Смагулова Г.С. к.э.н., ассоц. профессор зав.кафедрой «Менеджмент» КазНУ имени аль-Фараби; Ахметова З.Б. к.э.н., и.о. профессора зав.кафедрой «Бизнес - технологии» КазНУ имени аль-Фараби; Товма Н.А. доктор PhD, к.э.н. «Бизнес - технологии» КазНУ имени аль-Фараби; Чакеева К.С. к.т.н., ассоц. профессор зав.кафедры «Маркетинг» Университета ТУРАН. На круглом столе выступили следующие докладчики:

1. Полухина Е.А. м.э.н., ст. преп кафедры «Маркетинг» Университета ТУРАН на тему: «Современные методы исследования потребителей»
2. Кишибекова Г.К. к.э.н., доцент кафедры «Менеджмент и маркетинг» КазУМОиМЯ имени Абылай хана на тему: «Инновации в управлении персоналом организации: проблемы и пути решения»
3. Сагырбаева Д.Е. м.ф.н., преп. кафедры «Менеджмент и маркетинг» КазУМОиМЯ имени Абылай хана на тему: «Developing a communicative competence of students of the speciality «Management and marketing» using project-based learning»
4. Бегділ Е. студент 2 курса ОП «Менеджмент и маркетинг» КазУМОиМЯ имени Абылай хана на тему: «Влияние цифровизации на образовательный процесс»
5. Тлепова Н. студент 2 курса ОП «Менеджмент и маркетинг» КазУМОиМЯ имени Абылай хана на тему: «Маркетингтік білім беру мәселесі»
6. Толкачева В. студент 3 курса ОП «Менеджмент и маркетинг» КазУМОиМЯ имени Абылай хана на тему: «Marketing PR moves and the impact of tools on business profits»
7. Санави Фард Расул PhD КазУМОиМЯ имени Абылай хана выступил с онлайн выступлением с докладом на тему: «The role and position of management and marketing in education in today's world, taking into account opportunities and threats»

По итогам круглого стола, следует отметить тему доклада по цифровизации, где были рассмотрены актуальные вопросы, касающиеся сферы образования. Также были дискуссии по соответствующим докладам.

В заключении были подведены итоги круглого стола и были вручены сертификаты всем участникам.

**Кафедра «Менеджмент и маркетинг»**

## ОНЛАЙН КОНКУРС «ПОМНИ ИМЯ СВОЕ…»

В целях реализации плана работ по НИРС проведены следующие мероприятия:

1. Преподаватели кафедры теоретического и прикладного языковедения подготовили студентов университета к участию в Республиканском студенческом онлайн конкурсе, который проходил в Кокшетауском университете им. Ш. Уалиханова «Помни имя свое…», приуроченного к 90-летию со Дня рождения известного казахстанского переводчика, публициста, литературоведа и общественного деятеля Герольда Карловича Бельгера.

Конкурс проводился по следующим требованиям:

1) сделать перевод отрывка из произведения «Эль» Г. Бельгера (с русского на немецкий, казахский, английский);

2) сочинить авторские стихи на тему конкурса;

3) написать эссе с использованием крылатых выражений Г. Бельгера на тему конкурса.




Основная цель конкурса – сохранение и популяризация литературного наследия Герольда Бельгера, внесшего неоценимый вклад в развитие культурной и общественной жизни двух дружественных государств, Казахстана и Германии. В конкурсе приняли участие 69 студентов 1-4 курсов из 14 ВУЗов Казахстана. Победители конкурса были награждены дипломами и памятными призами, остальные участники получили сертификаты. В торжественном мероприятии приняли участие прибывшие из г. Алматы журналисты Республиканской немецкой газеты Deutsche Allgemeine Zeitung. Наши студенты 1 курса стали победителями в этом конкурсе по разным номинациям.

Результаты конкурса:

1 номинация – эссе:

2 место – Нурбек Кундыз – руководитель к.п.н.,доцент Сапарбаева А.М., КазУМОиМЯ имени Абылай хана; Тауенова Инаят - руководитель к.ф.н., ст.преп. Тойшибаева Г.К., КазУМОиМЯ имени Абылай хана;.

3 место – Абдинаги Айазель – руководитель к.ф.н.,ст.преп. Тойшибаева Г.К, КазУМОиМЯ имени Абылай хана;

2 номинация – перевод отрывка из произведения Г .Бельгера

Номинации по этой категории:

- Шакен Айзада – руководитель к.ф.н., ст.преп. Тойшибаева Г.К., КазуМОиМЯ имени Абылай хана - «Культурный мост»;
- Жумабекова Айша – руководитель к.ф.н.,доцент Ибадильдина З.Х. КазУМОиМЯ имени Абылай хана - «Оригинальный перевод»;
- Избасар Куралай – руководитель д.п.н., профессор Кабдулова К.Л., КазуМОиМЯ имени Абылай хана - «Межкультурный переводчик».

# Стартовал межвузовский Дискуссионный клуб

Со 2 апреля стартовал Межвузовский студенческий дискуссионный клуб по актуальным темам в области PR-технологий, который продолжится до 16 апреля. Обмен идеями студентов вузов г. Алматы - цель данного проекта, инициированного известным журналистом, PR специалистом Б.Ш. Алдонгаровой.

Первая дискуссия среди студентов трех вузов г. Алматы ОП «Журналистика», состоялась на базе университета «Туран», темой которой стала проблема смога в городе Алматы.






Победу в захватывающей дискуссии одержала команда студентов Ablai khan University кафедры международных коммуникаций ФММК - «4Власть» под руководством преподавателя кафедры, к.ф.н Власенко О.И.

Следующие заседания межвузовского Дискуссионного клуба по темам: «Роль мессенджеров в кризисных ситуациях», а также «Причины возникновения фейков и способы их контроля», пройдут на базе Ablai khan University и KIMEP.

***Мы поздравляем наших студентов с заслуженной победой и желаем успехов!***

**ФММК, журналистика**

# Студенты нашего университета на конференции Фараби әлемі

4 апреля 2024 года в КазНУ им. Аль-Фараби прошла очередная международная научная конференция студентов и молодых ученых «Фараби әлемі» в офлайн-формате. В конференции приняли участие студенты 1-4 курсов нашего факультета ОП «Востоковедение» и «Тюркология»: Ерен Айзере Медеуқызы, Сатыбалдина Еркеназ Джанболатовна, Қаблан Айша Кутбайқызы, Серикболова Аруна Серикболовна.

По итоговым результатам конференции призовые места заняли:

- студентка 4 курса Қаблан Айша Кутбайқызы - 2 место, научн. руководитель: к.и.н., доцент Есеркепова Ж.О.;
- студентка 4 курса Серикболова Аруна Серикболовна - 3 место, научн. руководитель: к.и.н., доцент Есеркепова Ж.О.;
- студентка 1 курса Сатыбалдина Еркеназ Джанболатовна - 3 место, научн. руководитель к.и.н., доцент Есеркепова Ж.О.

А студентка 1 курса Ерен Айзере Медеуқызы была награждена сертификатом. Научн. руководитель: к.и.н., доцент Есеркепова Ж.О.




***От всей души поздравляем наших талантливых студентов, защитивших честь нашего университета и факультета!***

**Факультет Востоковедения**

# ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ

Қазіргі таңда жастар арасынды жиі кездесетін мәселелердің бірі – буллинг болып табылады. Буллинг – (ағылш. bullying - қорқыту, мазақтау, қудалау) бұл жастар арасында жиі кездесетін және барлық қатысушылар үшін жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін агрессивті мінез-құлық түрі. Буллингтің ең көп кездесетін кезеңдері ол – жеткіншектер және жасөспірімдер арасында. Біз бүгін сол жасөспірімдер, яғни студенттер арасындағы буллинг мәселесін талқылайтын боламыз.

Оқуды бітіргеннен кейін студенттер жаңа білім беру ортасына түседі, онда болу әрдайым ыңғайлы бола бермейді. Бейімделу кезеңі әрдайым біркелкі өтпейді, бірақ барлық жастар буллингтің құрбаны болмайды.

Студенттер арасында буллингтің физикалық (төбелес, ұрып-соғу) және психологиялық (мазақтау, сөзбен қорлау) түрлері арқылы көрініс табады. Жалпы алғанда, буллингтің студенттер арасында кездесетін 4 түрі болады: физикалық, вербалды, әлеуметтік және киббербуллинг.

Буллингтің қатысушыларының функциялары мен мінез – құлқына байланысты әртүрлі рөлдерімен ерекшеленеді - *жәбірленуші, бастамашы, бақылаушылар*. Буллингтің *құрбандары* барлық адамдар болуы мүмкін, бірақ әсіресе өзін-өзі бағалауы төмен және өзін төмен сезінетін, қарым-қатынаста қиындықтарға тап болған, физикалық тұрғыдан әлсіз және өзін-өзі қорғауды білмейтін адамдар қатарынан болады. Сондай-ақ, бұл адамдарда отбасылық проблемалардың болуын атап өте кетейік: олардың отбасылары оларды қабылдамайды немесе гипер-қамқорлықпен көрсетеді. Келесі кезек, *бастамашылар (буллерлар)* немесе *агрессорлар* көбінесе басқа студенттер арасында билік пен өзін-өзі растауға ұмтылатын студенттер тобының мүшелері болып табылады. Олар жақындары агрессивті, ұят пен күнәні сезінбейді және жанашырлық танытуға бейім емес. Олар үшін ең бастысы-сыныптастарының арасында беделге ие болу. Агрессорлар отбасында әдетте жылу мен жанашырлық болмайды, бірақ қатаң тәрбиеде болуы мүмкін. Келесі қатысушы, *көрермен* мен *бақылаушының* позициясы. Осы санатқа жататын топ мүшелері конфлктіге қатыспайды. Мұндай қатысушылар жиі қорқыныш, дәрменсіздік және күнәні сезінеді. Олар өздерінің әлсіздігін жақсы біледі және агрессияның оларға бағытталмағанына қуанады.




Психологтардың жүргізілген зерттеулері бойынша елімізде буллингтің көп таралуының негізгі себептері: жеткіншектің немесе жасөспірімнің өзін-өзі қорғай алмауы, отбасыда ата-ана бала қарым-қатынасының дұрыс болмауы, баланың интернет желілерінде көп отыруы және де соның салдарынан балада агрессияның басым болуы, эмпатияның, яғни басқаларға деген жанашырлық сезімнің болмауы. Қазіргі таңдағы буллингтің жаңа түрі кибербуллингтінде таралуының көптен бір себебі, жеткіншектер мен жасөспірімдердің әлеуметтік желілерде көп отыруы. Бұл жердегі *кибербуллинг* дегеніміз – агрессордың интернет желілер арқылы қорқытуы, қудалауы. Кибербуллингте агресорды анықтау қиын немесе мүмкін емес.

*Не себептіден буллинг көбіне жеткіншектер мен жасөспірімдер арасында орын алады?* Жасөспірімдік кезең өтпелі кезең болғандықтан, физикалық өзгеріспен қатар, психологиялық тұрғыдан үлкен өзгерістер орын алады және де жеткіншек немесе жасөспірім үшін осы кезде құрдастарымен қарым-қатынас немесе қандайда да бір топқа тиесілі болу өте маңызды болып табылады. Сол себептен де жасөспірімдер арасында агрессорлар тобы болады, олар үшін қандай баланы мазақ қылу, қорлау маңызды емес, ол жақсы оқитын бала болуы мүмкін немесе жәй ғана оқшауланып жүрген, тұйық бала да болу мүмкін. Олар үшін қандайда да бір әлеметтік ортаға тиесілі болу, өзінің мәртебесі маңызды болып келеді, көбінесе буллерлар (агрессорлар) өзінің құрбаны ретінде жалғыз өзі жүретін, досы жоқ баланы таңдайды. Кейбір жасөспірімдер басқа балаға буллинг көрсеткісі келмеуі мүмкін, бірақ топтан бөлінбеу үшін немесе сол жәбірленушінің орнында болмау үшін басқа балаларға қосылып буллинг көрсетеді.

*Қалай агрессордың құрбаны болудан немесе болған жағдайда өзіңді қорғауға болады?* Көбіне буллердің құрбаны жалғыз жүретін адам болғандықтан, кез келген ортадан бір немесе бірнеше дос табуға тырысу. Досыңның болуы, әлеуметтік ортамен араласу агрессордың құрбаны болудан сақтайды. Тағы бір агрессорға қарсы мықты қарудың бірі – агрессорға қарсы әзілдесе білу. Егер мазақтап, тиісіп бастаған кезде, «иа, менің кемшіліктерім бар» деп әзілмен қабылдай алсаң, өзіңнің сенімділігіңді көрсетіп, оның ойының маңызды еместігін көрсету арқылы өзіңді қорғап алуға болады. Бірақ агрессордың тоқтатын арнайы бәріне сәйкес келетін, ғажайып сөз тіркестері жоқ, тек нақты және түсінікті, өз ұстанымыңды берік дауыспен білдіре білу, жеке шекараларды белгілеу, конфликтіге қосылмау және арандатушылыққа берілмеу және бастапқы кезден бастап сабырлық таныту. Агрессордің жәбірленушіге буллинг көрсетуінің жалпы мақсаты, жәбірленуші арқылы өзін – өзі көрсету болып табылады, олар ересектер тарапынан зейін, өзінің бағалығын растауын және құрмет көрсетуін қажет етеді.

*Университет қабырғасында буллинг мәселесін зерттеу қаншалықты маңызды?* Қазіргі таңда буллинг мәселесі өршіп тұрғандықтан, оны зерттеу немесе профилактикалық іс-шаралар өткізу арқылы біз көптеген психиологиялық және физиологиялық мәселердің алдын ала аламыз. Біріншіден, студенттер университет табалдырығын аттаған кезде өмірлерінде үлкен өзгеріс орын алады, ол өзінің қауіпсіз, үйреншікті ортасынан, таныс емес, өзіне жауапкершілік алуға тура келетін ортаға баруына тура келеді.

**Арайлым Жүніс,**
**психолог байланыс және әлеуметтік орталығы**

**Общая редакция** – Председатель Правления - Ректор КазУМОиМЯ им. Абылай хана, д.филол.н., профессор, академик НАН РК, С.С. КУНАНБАЕВА
**Главный редактор** – проректор по УМР, д.ф.н., Т.А. КУЛЬГИЛЬДИНОВА.
**Ответственный редактор** – проректор по СВиВР Т.В. СЕРЕЖКИНА. Тел.: 292-54-75
**Редакционная коллегия** – начальник издательства Б.А. ЕСЕНГАЛИЕВА, дизайн-вёрстка Б.С. КЫНЫРБЕКОВ.
**Учредитель** – АО «Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана»
Газета зарегистрирована в Национальном агентстве по делам печати и массовой информации РК. Свидетельство № 497 от 25 апреля 1997 г.
Подписано в печать: 29.04.2024 г. Заказ № 3408. Тираж 200 экз. Отпечатано в издательстве «Полилингва»
АО «КазУМОиМЯ имени Абылай хана», 050022, г. Алматы, ул. Муратбаева, 200. Тел.: 292-08-00, вн. 21-19